



Нөлдiк төзiмдiлiк саясаты  
«Урал Ойл энд Газ» ЖШС

Редакция: №3, UOG-HSE-PC-006-K

1 тен 2

"Бекiтемiн"

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС-н

Бас директор –

Басқарма Төрағасы

Имандосов А.Г.

2024 ж.

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС-н

Бiрiншi орынбасары

Бас директордың –

Басқарма Мүшесi

Тянь Юаньцэн.

2024 ж.

## "Урал Ойл энд Газ" ЖШС-н нөлдiк төзiмдiлiк саясаты

### Қолдану саласы

Бұл саясат серiктестiктiң барлық персоналына, серiктестiктiң меншiк объектiлерiнде жұмыс iстейтiн немесе серiктестiктiң тапсырмасы бойынша жұмысты орындайтын мердiгерлер мен қосалқы мердiгерлерге қолданылады.

### Жауапкершiлiк

Серiктестiктiң жоғары басшылығы физикалық, психологиялық, жыныстық зорлық-зомбылық пен қудалаудың кез-келген түрiне нөлдiк төзiмдiлiк саясатын құруға және қолдауға жауапты. Әрбiр жеке қызметкер нөлдiк төзiмдiлiк және жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен қудалауға жол бермеу саясатын сақтауға және қолдауға жауапты.

### Жалпы талаптар

Серiктестiк қызметтi жүзеге асыру кезiнде нөлдiк төзiмдiлiк саясатын ұстанады және серiктестiк қызметкерлерi, мердiгерлер мен қосалқы мердiгерлер үшiн қолайлы жағдай жасайды.

Қызметкерлердiң қауiпсiздiгi мен жеке басына қол сұғылмауын қамтамасыз ету әрқашан Серiктестiк үшiн басым мiндет болып табылады.

Серiктестiк әрбiр адамның зорлық-зомбылық пен қудалаудан азат еңбек саласына құқығын таниды және iске асыруға жәрдемдеседi.

Бiздiң мақсатымыз: жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықтың, қудалаудың, қорлаудың кез келген түрiне нөлдiк төзiмдiлiк ету.



Еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен қудалау адам құқықтарын бұзудың бір түрі болып табылады, мүмкіндіктер теңдігі қағидатына қауіп төндіреді, қолайсыз және лайықты еңбекпен үйлеспейді; еңбекті ұйымдастыруға, жұмыс орнындағы қатынастарға, қызметкерлердің қызығушылығына, серіктестіктің беделіне және өнімділігіне теріс әсер етеді;

Серіктестік басшылығы зорлық-зомбылық пен қудалау көріністеріне қатысты нөлдік төзімділіктің жалпы ахуалын құруға жәрдемдесу үшін, осындай мінез-құлық пен практика қағидаттарының алдын алуға жәрдемдесу үшін және барлық қызметкерлер зорлық-зомбылық пен қудалау әрекеттерінен бас тартуы, олардың алдын алуы және оларды қараумен айналысуы тиіс.

ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ басшысы

Зайнуллин А.А.